

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Әуликөл ауданы Новоселов ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 1 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Новоселов ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 5 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2025 жылғы 1 сәуірдің № 01-22/169 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Новоселов ауылдық округі Новоселов ауылдық округі "ИНСПЭК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Әуликөл ауданы Новоселов ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 1 шешімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 206495 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Новоселов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитеті Қостанай
облысының санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
департаменті Әулікөл аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Ж. Турғұмбаев
2025 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Әулікөл
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесі басшысы
_____ А. Тайшибаев
2025 жылғы " ____ " _____